



...El birligin saқтаған tatýlyqty ait!
Jambyl

АТАМЕКЕН

JAMBYL AÝDANDYQ QOǴAMDYQ-SAIASI, ÁLEÝMETTIK-EKONOMIKALYQ BASYLYM

Газет 1932 жылдан
бастап шығады

www.atamekengazeti.kz



Атамекен Газеті



@atameken_press



atameken1932@bk.ru

№ 50 (6250)

14 желтоқсан,
сенбі, 2024 жыл

АҚТЕРЕК АУЫЛЫНДАҒЫ ҮЛКЕН ҚУАНЫШ: тұрғын үй кілттері табысталып, табиғи газ іске қосылды

Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында Ақтерек ауылының тұрғындары үшін қос мереке болды. Жаңа тұрғын үйлердің кілттері табысталып, ауылда алғаш рет табиғи газ құбыры іске қосылды. Бұл оқиға ауыл тұрғындарының әл-ауқатын арттыруға бағытталған мемлекеттің қолдауы мен жергілікті атқарушы биліктің жүйелі жұмысының жемісі екенін тағы бір рет дәлелдеді.

Түстен кейінгі сағат 15:00-де жаңадан салынған тұрғын үйлердің ашылу салтанаты өтті. Мерекелік алаң ұлттық нақыштағы сәндік элементтермен безендіріліп, тұрғындар мен қонақтарды жылы қарсы алды. Ауыл тұрғындары үшін бұл күн ерекше тарихи сәт ретінде есте қалғаны белгілі.

— «Ақтерек» қожалығы тек ауыл шаруашылығымен ғана емес, ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосуды өз міндетіміз деп білеміз. Бүгін табысталатын үйлер — осы мақсаттағы қадамымыздың бірі, — деді.

Салтанатты жиында ауылдық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Нұрұп Жұмабек батасын беріп, жиынға жиналғандарға жақсы тілек айтты. Одан кейін жаңа тұрғын үйлердің лентасы кийылды.

Сонымен Мұратхан Рахметқожаевқа — тәжірибелі жүргізуші, зейнеткер, Мұхтар Токсеитовке — ауылдың ұстасы, еңбек ардагері, Медет Қышпақбаевқа — жас механизатор, көпбалалы әке, Ерлан Бадамбековке — көпбалалы отбасы отағасы, Канат Әбдібаевқа — «Нұрмұхамметәли» қожалығының жұмысшысы, көпбалалы отбасы тұрғын үйдің кілті табысталды.

Әжелер шашу шашып, мереке одан әрі үй ішін аралаумен жалғасты. Сол күні Ақтерек ауылында газ құбырының іске қосылу салтанаты да өтті. Бұл ауыл үшін маңызды оқиға, себебі табиғи газдың келуі ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсартудың жаңа кезеңіне жол ашады.

Жиынды аудан әкімі Нұрлан Ертасұлы ашып, табиғи газдың ауыл үшін қаншалықты маңызды екенін атап өтті. Сонымен қатар, «Аманат» партиясы Алматы облыстық филиалының атқарушы хатшысы Ерлан Жұмашұлы ауыл тұрғындарына ізгі тілегін жеткізді. Газ жүйесін іске қосу құрметі аудан басшылары мен мердігер компания өкілдеріне берілді.

Осылайша, ауыл көшелерінде «көгілдір отынның» алауы жарқырады. Салтанатты шара шашу шашумен, тұрғындардың қуанышымен аяқталды.

Бұл күн Ақтерек ауылының тұрғындары үшін жаңа өмірдің, жаңаша бастамасы болды. Тұрғын үйлердің пайдалануға берілуі мен табиғи газдың іске қосылуы — ауылдың дамуындағы маңызды оң қадам болды. Осындай игілікті істердің жалғасын табуы ауыл халқының өмір сапасын арттыратыны сөзсіз.

А.Т.ТОҚТАСЫН
АТАМЕКЕН

Жамбыл ауданында ауқымды оқу- жаттығулар өтті



5-6 желтоқсан аралығында Жамбыл ауданында өткен кең ауқымды кешенді азаматтық қорғаныс оқу-жаттығулары сәтті аяқталды. Екі күнге созылған маневрлер облыстың төтенше жағдайлар кезінде әрекет етуге дайындығын байқайтын күрделі сынақ болды.

Оқу-жаттығудың мақсаты — аймақтың табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларға дайындығын кешенді бағалау болды. Жаттығулар әрекет етудің қолданыстағы тетіктерінің тиімділігін бағалауға және азаматтық қорғау жүйесіндегі әлсіз жақтарды анықтауға мүмкіндік берді.

Кешенді оқу-жаттығулар Жамбыл ауданының төтенше жағдайларға ден қоюға дайындығының жоғары деңгейін растады. Дегенмен, анықталған кемшіліктер азаматтық қорғаныс жүйесін одан әрі жетілдіру үшін пайдаланылады, бұл аудан тұрғындары мен инфрақұрылымын одан да тиімді қорғауға мүмкіндік береді.

Қосымша оқыту және материалдық-техникалық базаны жаңарту жоспарлануда. Оқу-жаттығулар барлық қызметтер мен басқару органдарының келісілген жұмысын көрсетіп, кез келген сын-көтерлерге жауап беруге дайындығының жоғары деңгейін растады.

Тұрғындардың қауіпсіздігі — біздің басты міндетіміз!

Жамбыл аудандық Төтенше
жағдайлар бөлімі.

13 желтоқсан күні Жамбыл ауданының әкімшілік ғимаратында Қазақстан мәслихаттарының 30 жылдығына арналған ресми жиын өтті. Бұл мерейлі дата еліміздегі жергілікті өкілді органдардың қалыптасуы мен дамуының маңызды кезеңі болып табылады.

Мәслихат мінбері: 30 жыл қалтқысыз халыққа қызмет



Салтанатты шараға Жамбыл ауданының әкімі Нұрлан Ертасұлы және Алматы облыстық мәслихатының төрағасы Қуат Сұлтанұлы қатысып, құттықтау сөз сөйледі. Қуат Сұлтанұлы өз сөзінде мәслихаттардың жергілікті басқару жүйесіндегі ерекше рөлі мен маңыздылығын атап өтіп, олардың елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесін жоғары бағалады.

Жиын барысында Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының «Құрмет грамотасы» мен «Алғыс хаттары», сондай-ақ Алматы облыстық мәслихатының «Құрмет грамоталары» және арнайы 30 жылдық мерекелік медальдары табысталды.

Қазақстан мәслихаттарының қалыптасуына елеулі үлес қосқан азаматтардың қатарында Әскербек Абасов, Мадияр Әмірғалиев, Орынбасар Торғасов, Шейкин Юрий сынды белгілі тұлғалар марапатталды. Сонымен қатар, аудандық мәслихаттардың үздік депутаттары мен қызметкерлері де жоғары марапатқа ие болды.

Жиын соңында жүргізуші барша қатысушыларға еңбектеріне жеміс, отбасыларына бақ-береке тіледі. Бұл шара мәслихат тарихындағы айтулы белестің белгісі ретінде ел есінде қалары сөзсіз. Қазақстан мәслихаттарының 30 жылдығы құтты болсын!

А.ТАСҚАРҰЛЫ
АТАМЕКЕН

БАСПАСӨЗ – 2025

Құрметті аудан тұрғындары!
Қагірлі біздің оқырман!

Аудан өмірінің апталық тынысынан жан-жақты хабарлар ететін Жамбыл аудандық «Атамекен» газетіне 2025 жылға жазылу науқаны басталды.

АТАМЕКЕН

— бүгінгі жаршымыз,
ертеңгі тарихымыз

Атамекен — біздің түп қазығымыз,
Атамекен — рухани азығымыз.
Тіршілігін ауданның білем десең,
Басылымға тартынбай жазылыңыз!



Жеке адамдар үшін бір жылға
жазылу құны — 5315 теңге,
жарты жылға — 2657 теңге
Индексі 65264.

Зейнеткерлер үшін бір жылға —
4915 теңге

жарты жылға — 2457 теңге
Индексі 35264

Газеттің электронды нұсқасына
12 айға жазылу бағасы — 4400 теңге.

Сіз оны әдетте оқырмандардан
бұрын ұялы телефоныңыз немесе
компьютеріңіз арқылы сол заматта
алып, оқу мүмкіндігіне ие боласыз.
Біздің мекенжайымыз: 040600,
Ұзынағаш ауылы,

Мақтаев көшесі, 164 «А» үй.
Телефондар: 2-44-28, 2-44-27.
Толығырақ мәлімет алу үшін мына
телефонға хабарласыңыз:
8-708-673-93-64

2024 жылғы 8 желтоқсанда өткен Жамбыл аудандық мәслихатының шығып қалған депутатының орнына сайлау қорытындылары туралы хабарлама



2024 жылғы 8 желтоқсанда бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша сайланған Жамбыл аудандық мәслихатының шығып қалған депутатының орнына сайлау өтті.

Сайлаушылар тізіміне 5017 азамат енгізілді. Дауыс беруге — 2805 сайлаушы, оның ішінде есептен шығару куәліктері бойынша — 0, дауыс беруге арналған үй-жайлардан тыс — 52 қатысты.

Кандидаттардың жалпы саны — 3. Бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Жамбыл аудандық мәслихат депутатын сайлауының мынадай қорытындылары белгіленді:

№ 16 сайлау округі бойынша: Салават Судақенович Ибрагимов үшін сайлаушылардың 436 дауысы берілді; Искандер Исмаилович Тутадзе үшін сайлаушылардың 333 дауысы берілді;

Паша Александрович Чумаев үшін сайлаушылардың 1785 дауысы берілді. «Барлығына қарсы» белгісі бар бюллетеньдер саны — 234;

Сайлау қорытындысымен бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Жамбыл аудандық мәслихаттың депутаты болып: Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының 2024 жылғы 11 желтоқсандағы № 33 қаулысына сәйкес, № 16 сайлау округі бойынша — Чумаев Паша Александрович,

1982 жылы туған, ЖК «Чумаев» директоры, («АМАНАТ» партиясынан) 69,9%, (1785) дауыс жинап, Жамбыл аудандық мәслихатының депутаты болып сайланды.

Жамбыл ауданының
аумақтық сайлау комиссиясы.



Детское творчество



Великий Алатау в лучах рассвета,
Где облака, как шёлк, текут вниз.
Алматы – природа здесь воспета,
Восхищаясь горной красотой.

Тянь-Шань могучий, вечный и суровый,
Вершины в снег окутаны всегда.
Луга внизу зелёные, весёлые,
Встречают песнь журчащего ручья.

Цветы города в садах цветущих,
Тюльпаны алым пламенем горят.
А в парках яблони стоят могучие,
Историю свою века хранят.

Кольсай зовёт с лазурным светом,
И Чарын каньон – пейзаж иной.
Алматы – душа природы, где-то
Становишься ты ближе к самой
тишине земной.

Пусть ветер здесь всегда несёт прохладу,
И звёзды ночью светятся в горах.
Алматы – природы дивная награда,
Хранящая в реках её дыхание в веках.

Люлина ЕВА,
средняя школа села Мынбаев
ученица 9 «Г» класса.

Қоғамдық тыңдау

2025 жылғы қаңтардың 25-і күні сағат 11:00-де Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Кәрібаев ауылы, Мұсабаев көшесі № 52 мекенжайы бойынша «Алматы облысының Жамбыл ауданында орналасқан жалпы ауданы – 4,425 га «Қасымбек-2» кен орнында саздақ өндіру кезінде бұзылған жерлерді қалпына келтірудің жұмыс жобасы» бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

«Zoom» платформасы арқылы видео конференцияға қосылу сілтемесі:

Конференция идентификаторы: 927 990 3131, Кіру коды: bbNb3г.

Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «ДАНАС А» ЖШС, Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қарғалы ауылы, Журунов көшесі № 126 үй, (БСН 080440011211). Тел. 87071119974, geoconsulting@inbox.ru. Жоба материалдарымен esportal.kz сайтында танысуға болады.

Экологиялық жобаны әзірлеуші: Р.А. Құрманғалиев, тел.87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

Ұсыныстар мен ескертулер esportal.kz сайтында қабылданады.

«Алматы облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, priroda@zhetysu.gov.kz, тел. 8(7272)23227, Қонаев қаласы, Алматы көшесі № 54.

Общественные слушания

22.01.2025 года, в 11:00 часов, по адресу: Алматинская область, Жамбылский район, с.Карибаева, ул. Мусабаева 52 будут проводиться общественные слушания по проекту «Рабочий проект рекультивации нарушенных земель при добыче суглингов на месторождении «Касымбек-2», общей площадью – 4,425 га, расположенного в Жамбылском районе Алматинской области».

Ссылка на подключение Zoom видео конференцию: Идентификатор конференции: 927 990 3131, Код доступа: bbNb3г. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «ДАНАС А», Алматинская область, Жамбылский район, с. Каргалы, ул. Журунова, д. № 126, БИН 080440011211. Тел.87071119974, geoconsulting@inbox.ru. Ознакомится с материалами проекта можно на сайте esportal.kz.

Разработчик экологического проекта ИП «Курманғалиев Р.А.», тел.87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

Предложения и замечания принимаются на сайте esportal.kz.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», priroda@zhetysu.gov.kz, Тел. 8(7272)23227, г.Конаев, ул.Алматинская № 54.

Балдырған

Мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесі

Ұзынағаш ауылында орналасқан «Альги» бөбекжайында «Педагог құзыреті: мектеп жасына дейінгі балалардың бойында болашақ дағдыларын дамыту шарты» атты тақырыпта семинар өтті. Бөбекжай директоры Динара Рахымбекқызы қатысушыларды жылы шыраймен қарсы алды. Бұл шараны ұйымдастырған – Жамбыл аудандық білім бөлімінің әдістемелік орталығы. Шараның мақсаты – мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үдерісінде білім беру ұйымдары педагогтеріне кәсіби қолдау көрсету және өзара тәжірибе алмасу болып табылады.

Ал күтілетін нәтиже: мектеп жасына дейінгі баланың дағдыларын кіріктіре отырып, мнемокесте технологиясын қолдану арқылы баланың сөздік қорын дамыту, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үдерісінде түрлі ойын әдістері мен тәсілдерін қолданудың жолдары туралы тәжірибе алмасу.

Аталған шараға аудандағы мектепке дейінгі ұйым әдіскерлері мен тәрбиешілер қатысты. Алдымен аудандық әдістемелік орталықтың әдіскері Өтіргүл Қожахметова қатысушыларға бұл күнгі басқосудың негізгі мақсаттары мен міндеттері туралы айтып, сәттілік тіледі.

Семинар бағдарламасында белгіленген тақырыптар бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер:

- «Жол әліппесі» – Тоғанбаева Жансая, мектепалды даярлық «Күншуақ» тобы;
- «Қазактың ұлттық ою-өрнектері» – Нарбұтаева Ұлтуар, ересек «Бәйтерек» тобы;
- «Ауылға қонаққа барамыз» – Жапарова Анар, орта «Қызғалдақ» тобы.

Бұдан соң, өтілген тақырыптар бойынша өзара талдау жүргізілді.

Содан кейін, тәжірибелік алаңда «Мнемокесте технологиясын балабақшада қолданудың тиімділігі» тақырыбында Қонақбаева Дина, балабақша әдіскері, шебер сынып: «Мнемокесте технологиясы арқылы балалардың сөздік қорын дамыту» – Тоғанбаева Жансая, мектепалды даярлық «Күншуақ» тобының тәрбиешісі жұмыстарын көрсетіп, тәжірибе алмасты.

Шебер сыныптарда:

- «Мектеп жасына дейінгі балаларға ұлттық тәрбие беру арқылы шығармашылыққа баулу» – Нарбұтаева Ұлтуар, ересек «Бәйтерек» тобының тәрбиешісі;
- «Балалардың ұсақ қол моторикасы ойын арқылы дамыту» – Жапарова Анар, орта «Қызғалдақ» тобының тәрбиешісі өз тақырыптарын талдап, жиналғандарға таныстырды.

«Ашық микрофон» әдісі бойынша аудандық әдістемелік орталықтың әдіскері Өтіргүл Дүйсемханқызы семинар жұмысына оң бағасын беріп, жиынды қорытындылады.

Т.ТОҚТАСЫНОВ
АТАМЕКЕН

Қоғамдық тыңдау

«Холдинговая Компания «Арсенал»» ЖШС КР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес ашық жария талқылау арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

1. Жобаның атауы: «Қуаттылығы жылына 400 мың тоннаға дейін цианидті сілтісіздендіруді пайдалана отырып, Жартас учаскесі, Қосқұдық кен орнының кендерін өңдеу үшін алтын алу зауытын салу» жұмыс жобасы бойынша ықтимал әсерлер туралы есеп.

2. Әсер ету аумағы: КР, Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Самсы а.о. Қопа ст. Орталықтың географиялық координаттары: 43°35'14.99"с.е. и 75°51'16.70"ш.б.

3. Қоғамдық тыңдау 2025 жылғы 17 қаңтарда сағат 14:30-да Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қопа станциясы, Рازак Бейсекова көшесі № 10, ҚМУ негізгі орта мектебінің ғимаратында өтеді.

4. Жоспарланып отырған қызметтің бастамашысы: «Холдинговая Компания «Арсенал»» ЖШС, Мекенжайы: КР, Бостандық ауданы, Жарокова көшесі, № 272 «Б». БСН: 070140001461. Тел. 8(727) 3563561, e-mail: vvbirulin@mail.ru.

5. Жобалаушы: «АНТАЛ» ЖШС. Мекенжайы: Алматы қ., Бұхар Жырау көшесі, № 33, «Жеңіс» БО, 50 кенте, (БСН – 920940000013). Тел/факс: 8(727) 376-33-42, e-mail: office@antal.kz.

6. Жобалық құжаттама топтамасымен <https://esportal.kz/> Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ «Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында, «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады.

7. Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей электрондық мекенжайлар бойынша қабылданады: esportal.kz; priroda@zhetysu.gov.kz.

Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін сілтеме: <https://us06web.zoom.us/j/4755659802?pwd=UUpUWFJzNnBkI3JUZlZlZVZ29CM-0V0UT09&omn=84350101721>

Конференция идентификаторы: 475 565 9802

Кіру коды: 1yrJGi

Тіркеу талқылау басталғанға дейін 30 минут бұрын басталады. Қосылуда қатысты сұрақтар бойынша жоспарланған қызметтің бастамашысына хабарласқан жөн.

Қоғамдық тыңдау

ШЖҚ МКК «Жамбыл Су» жылу энергиясымен жабдықтау бойынша тарифтің бекітілуіне байланысты 23 желтоқсан күні сағат 11:00-де онлайн форматта қоғамдық тыңдалым өткізіледі. Төмендегі сілтеме бойынша қоғамдық тыңдауға қатыса аласыздар.

Қоғамдық тыңдауға қатысу үшін сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/72579692617?pwd=bEFZobtGuEr-sQyslVgIqNto43aqIjP.1>

Конференция идентификаторы: 725 7969 2617

Кіру коды: 12345

НАСЛЕДСТВО

Открылась наследственная масса после смерти Кожухметова Беклан Николаевича, 28 марта 1973 года рождения, умершего 27 ноября 2024 года. Наследников просим обращаться к нотариусу Сыдыковой Сандугаш Канатовне по адресу: Алматинская область, Жамбылский район, село Узынағаш, ул. Саурык батыра 183 «А», до 27 мая 2025 года.

Общественные слушания

ТОО «Холдинговая Компания «Арсенал»», в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК, уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания.

1. Наименование проекта: Отчет о возможных воздействиях к рабочему проекту «Строительство золотоизвлекательной фабрики по переработке руд месторождения Коскудук участок Жартас, методом цианидного чанового выщелачивания производительностью до 400 тыс. тонн в год».

2. Территория воздействия: РК, Алматинская область, Жамбылский район, Самсинский с.о., ст. Копа. Географические координаты центра: 43°35'14.99"с.ш. и 75°51'16.70"в.д.

3. Общественные слушания состоятся 17 января 2025 года в 14.30 часов по адресу: РК, Алматинская область, Жамбылский район, ст.Копа, ул. Рازак Бейсекова № 10, в здании КГУ основной средней школы станции Копа.

4. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Холдинговая Компания «Арсенал»». Адрес: РК, Бостандыкский район, улица Жарокова № 272 «Б». (БИН: 070140001461). Тел: 8(727) 3563561, e-mail: vvbirulin@mail.ru.

5. Разработчик: ТОО «АНТАЛ». Адрес: г.Алматы, улица Бухар Жырау 33, БЦ «Жеңіс», оф.50, БИН – 920940000013. Тел/факс: 8(727) 376-33-42, e-mail: office@antal.kz.

6. С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://esportal.kz/>, а также сайте ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», в разделе «Общественные слушания».

7. Замечания и предложения принимаются не позднее 3-х рабочих дней до проведения общественных слушаний: по электронным адресам: esportal.kz; priroda@zhetysu.gov.kz.

Ссылка для участия в общественных слушаниях:

<https://us06web.zoom.us/j/4755659802?pwd=UUpUWFJzNnBkI3JUZlZlZVZ29CM-0V0UT09&omn=84350101721>

Идентификатор конференции: 475 565 9802

Код доступа: 1yrJGi

Регистрация начинается за 30 минут до начала обсуждения. По вопросам подключения обращаться по телефонам инициатора намечаемой деятельности.

Общественные слушания

В связи с утверждением нового тарифа на услугу «теплоснабжение» 23 декабря в 11:00 ГКП на ПХВ «Жамбыл Су» будет проводить публичное слушание в онлайн формате.

Подключиться к конференции Zoom можете по ниже указанной ссылке: <https://us04web.zoom.us/j/72579692617?pwd=bEFZobtGuEr-sQyslVgIqNto43aqIjP.1>

Идентификатор конференции: 725 7969 2617

Код доступа: 12345

ҮЙГЕ ЖЫЛУ

«ҚазҚұрылысГаз» ЖШС ауылдағы тұрғын үйлер мен коммерциялық кәсіпорындарды қысқа мерзімде газдандыру жұмыстарын жүргізуде. Атап айтсақ Қазыбек бек бекеті, Таран, Аксенгір, Жайсан ауылдарында. Біз төмен бағаларға кепілдік береміз.

Қызметтердің толық спектрі:

- Толықтай газдандыру
- Газды қазандықтар сату және орнату
- Жылу жүйесін орнату

Телефон: +7 707 188 10 40,
+7 707 470 30 00, +7 747 323 43 85.

ТЕПЛО В ДОМ

ТОО «ҚазҚұрылысГаз» проводит газификацию жилых домов и коммерческих предприятий в кратчайшие сроки в ст.Казыбек бек, с.Таран, с.Аксенгир, с.Жайсан. Гарантируем низкие цены.

Полный спектр услуг:

- Газификация под ключ
- Продажа и установка газовых котлов
- Монтаж системы отопления

Телефон: +7 707 188 10 40,
+7 707 470 30 00, +7 747 323 43 85.

Қоғамдық тыңдау

«ҚазҚұрылысГаз» ЖШС Жамбыл ауданындағы Балғабек Қыдырбекұлы, Жайсан, Аксенгір, Қазыбек бек бекетіндегі тұрғын үйлерді газдандыру бойынша қоғамдық тыңдау өткізеді.

Тыңдаулар 2024 жылғы 27 желтоқсан күні сағат 11:00-де Балғабек Қыдырбекұлы ауылы Тұраш көшесі №50 мекенжайы бойынша мәдениет үйінің ғимаратында өтеді.

Жоба материалдарымен «ҚазҚұрылысГаз» ЖШС арқылы танысуға болады.

Байланыс телефондары: 8-707-188-10-40, 8-707-470-30-00, 8-747-470-43-85.

Общественные слушания

ТОО «ҚазҚұрылысГаз» проводит общественные слушания по проекту газификации жилых домов с.Балғабек Кыдырбекұлы, Жайсан, Аксенгир, ст.Казыбек бек Жамбылского района Алматинской области.

Слушания состоятся «27» декабря 2024 года в 11:00 часов по адресу: с.Балғабек Кыдырбекұлы, ул.Тураш, № 50, в здании дома культуры. С материалами проектов можно ознакомиться в ТОО «ҚазҚұрылысГаз» по телефону: 8-707-188-10-40, 8-707-470-30-00, 8-747-470-43-85.

Газет бетіне шыққан жүрекжарды
құттықтауларыңыз
@atameken_press Instagram
желісіне тегін жарияланады.

Еске алу



Шымкент қаласының тұрғыны, бәрімізге аяулы сіңді әрі қадірлі бауыр бола білген ХУСАИНОВА Қалымкыз Кошенқызы ажалдың құрығына ілініп қайтыс болмағанда биыл 63 жасқа толып ортамызда аман-есен жүрер еді. Амал не, Қалымкызға бұл күннің қуанышты сәтін көру бақыты бұйырмады. Ол ұзақ жыл денсаулық сақтау саласында медбике болып абыройлы қызмет атқарған болатын. Артында жұбайы мен екі қыз, бір ұлы қалды. Бүгінде Қалымкыздың өмірдегі орны ойсырап тұр, сағынышпен еске алып, пейіште нұры шалқысын демекпіз.

Күндей күліп жүруші ең арамызда,
Нұрлы бейнең сақталады санамызда.
Әттең ажал сені ерте алып кетті,
Өзіндей асыл жанды енді біз

табамыз ба?

Сұм ажал салды-ау саған күлбұрауын,
Жылатып кете бардың бізді жаным.
Етіліп бүгін сені еске алуда.
Әпке, бауыр, бөлелер мен құрбыларың,
– деп еске алушы: әпкесі – Гүлбархан,
бауыры – Ерлан және бөлелері – Айсұлу,
Айдана, Ермек.

«ЖАМБЫЛ АТАМЕКЕН» ЖШС

Директор
Айнабекова М.Б.

Бас редактор
Әйгерім ӘБУ

Дизайнерлер
Мадина Тоқтасынова
Айнұр Қойкелова

• Газет – 2017 жылғы қарашаның 9-да Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникация министрлігі, байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитетінде тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттік және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке алу туралы № 16738-Г Күәлігі берілген.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: 040600, Ұзынағаш ауылы, Мақатаев көшесі, 164 «А» үй. Телефондар: бас редактор – 2-44-28, 2-44-29, жалпы бөлім – 2-44-25, есепші – 2-44-27, факс-8 (72770) 2-44-28
Электрондық пошталары: Atameken1932@bk.ru
• Осы шығарылымның таралымы – 7000 дана. Тапсырыс – 50 (2192)
• Индекс – 62264. Көлемі – 2 баспа табақ.
• Газет аптасына бір рет, сенбі күні шығады.
• Суреттердің сапасына редакция жауапты.
• Жарнама, хабарландыру берушілер оның мазмұны мен мәтіні үшін өздері жауапты.

• Газетке жарияланған кейбір суреттер мен мәліметтер интернет жүйесінен алынды.
• Газетте жарияланған мақалаларды редакцияның жазбаша рұқсатынсыз жазуға болмайды.
• Автордың пікірі – редакцияның түпкілікті көзқарасы емес.
• Газет редакцияда компьютермен теріліп, «Алматы-Болашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында офсеттік тәсілмен басылады.

Тел: 378-42-00, факс: 378-36-76.
Алматы қаласы, Сәбит Мұқанов көшесі, 223 «Б».